

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округ әкімінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 ақпанда № 5477 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 20 қарашадағы № 400 ұсынысы негізінде Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округ әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылының шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылдық округ әкімінің 2017 жылғы 29 маусымдағы № 2 "Қарабұлақ ауылдық округінің Қарабұлақ ауылына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5143 болып тіркелген, 2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарабұлақ ауылдық округ әкімі*

*Д. Бекбаев*